

«Даналық мектебі» клубымен өткізілген іс - шаралар туралы ақпарат

2023 – 2024 оқу жылында «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ ғылыми әдістемелік кеңестің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес ата – аналар қауымдастығымен өзара іс қимылын нығайту мақсатында Сапақкөл орта мектебінде «Даналық мектебі» құрылды. Өскелең ұрпақты тәрбиелеуде ұлттық құндылықтармен дәстүрлерді дәріптеу мақсатында «Даналық мектебі» құрылып, жұмыс жоспары бекітілді. Жоспар басшылыққа алынып бірнеше жұмыстар жүргізілді.


«Ертегі- танымның көзі»

Мақсаты: ертегінің танымдық-тәрбиелік жан-жақты түсіндіру, отбасында ертегіні тәрбие құралы ретінде қолдана білуге ықпал ету.



«Ырыс – тыйым – әдептілік негізі»

Мақсаты: Халқымыздағы ырымдар мен тыйымдардың мәнін ашып, әжелерге берілетін білім арқылы жас ұрпақтың ұлттық мәдениетін қалыптастыруға бағыттау.



«Бабалар дәстүрі ұрпаққа өсиет»

Мақсаты: Бабаларымыздан келе жатқан рухани дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды дәріптеу мақсатында мектеп мұражайынадағы көне заттармен танысты.



«Шаш өре білуде өнер»

Мақсаты: Қыз балаларға тәрбие берудің ұлттық және заманауи мүмкіндіктерін түсіндіру.



«Қыз бала білуі тиіс...»

Мақсаты: Қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану.



«Ағасы бардың – жағасы бар»

Ағалар мектебі

Мақсаты: ағалардың іні-қарындасы алдындағы жауапкершілігін арттыру.



«Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі»

Мақсаты: Халық ықыласына бөленіп жүрген спортшылар арқылы салауатты өмір салтын насихаттау.



Жалпы жылды қорыта келгенде «Даналық мектебі» клубының жұмысы жоспарлы түрде орындалды. Өткізілген шаралар мектептің әлеуметтік паракшасына жарияланды.